

# АЙҚЫН

## ХАЛЫҚТЫҢ АРДАҚТЫСЫ



Ұлы даламызда сан ғасырлардан бері жасап келе жатқан қазақ елінің небір асыл да, ардақты да, батыр тұлғалы азаматтары, құдайға шүкір, аз болмаған. Сол ардақты да асылдарымыздың бірі және бірегейі – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, XX ғасыр адамы саналған, Қазақ Республикасын ширек ғасырдан астам басқарған, ғалым-академик, Кеңес Одағының үш дүркін еңбек ері атағын алған ұлы тұлға Дінмұхамед Қонаев.

Дінмұхамед Қонаев – өзінің саналы да ғибратты өмірінде халқына адал да кіршіксіз жан аямастан еңбек еткен адам. Д.Қонаев әлемдегі алпауыт мемлекет – Кеңес Одағының қол астында болған Қазақ республикасын басқарған заманда еліміз небір тар жол тайғақ кешкен қиын-қыстау кезеңдер, ауыр жылдарға тап болды. Ол жастайынан 1917-1921жылдары 1931-1933 жылдары алапат ашаршылықтарды, 1937-1938 жылдардағы

зұлтатты қуғын-сүргіндерді, 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысты бастан кешті. Азап пен тозақтың, от пен шоқтың ортасында қажалып, қайралып өсті. Сол бір халқымыздың басына түскен ауыр жылдары тылда қалған жас жеткіншектен бастап, қартайған жандарға дейін күн демей, түн демей жан аямастан, білек сыбана қара жұмысқа кіріскен. Қазақстанның көптеген қалаларында соғысқа аса қажет болған қару-жарақ, оқ-дәрі дайындайтын стратегиялық маңызы бар зауыттар, киім-кешек, аяқ-киім тігетін фабрикалар шұғыл түрде салынып жатты. Соның бірі – Шымкенттегі қорғасын зауыты. Дұшпандарға атылған он оқтың жетеуін осы зауыттың жұмысшылары шығарып отырды. Үкімет басшылары Жұмабай Шаяхметов, Нұртас Оңдасынов, Дінмұхамед Қонаевтар бар ілім-білімдерін, ынта-жігерлерін аямастан көш бастап, аса жауапкершілікпен тынымсыз еңбек етті. Сұрапыл соғыстың зардаптарына төтеп бере отырып, республикамыздың барлық өңірлерінде, қалалар мен ауылдарда күрделі құрылыс жұмыстары тоқтамады. Алматының өзінде бірнеше оқу-білім ошақтарының ғимараттары бой көтерді. Ғылым академиясы, Абай атындағы педагогикалық, шет елдік тілдерді оқыту, қыздар педагогикалық институттарының ғимараттары салына бастады.

Соғысты жеңіспен аяқтаған қаһарман халқымыз бейбітшілік өмірге үлкен құлшыныспен кірісті. 1946 жылы қазақ ғалымдары бірігіп, бас қосып тұңғыш Қазақ ұлттық ғылым академиясын құрды. Оның алғашқы президенті болып аса ірі ғалым, академик Қаныш Сәтбаев тағайындалды. Ғалымдарымыз аса ынта-жігермен, үлкен жауапкершілікпен өз міндеттерін абыройлы атқарды. Ұлы даламызда ондап, жүздеген қалалар мен қалашықтар, елдімекендер бой көтерді. Ірілі- орташа зауыттар мен фабрикалар салынды. Орта буын жұмысшылар саны ұлғайып, өсті. Халқымыздың тұрмысы күннен күнге жақсарып, жаңарды. Жастарымыз білімге, еңбекке жаңа, тың серпінмен алға ұмтылды, армандарға құлаш ұрды, өркендеп, қанаттанды. Әдебиетіміз, мәдениетіміз дамыды. Біздің елімізге әлем халықтары қызығып көз тіге бастады. Одақтық 15 республика арасында экономикалық өсімдер бойынша біздің республикамыз алғашқы бестіктен ойып тұрып орын алды.

Енді Д.Қонаевтың біздің Мырзашөл өңіріне, Мақтаарал, Киров, Жетісай, Қызылқұм аудандарына сапарлары жөнінде және осы аудандарға жасаған жақсылықтары жайында әңгіме қозғасак. Д.Қонаев үкімет басшысы орынбасары қызметінде жүргенде, 1947 жылы Мырзашөлге, Қызылқұмға ат басын бұрып, арнайы бір аптаға іссапармен келеді. Облыс басшылары жол серік етіп ауданның ішкі істер бөлімінің бастығы, қырық жеті жастағы жергілікті ақын жанды азамат Қайыпназар Әйтпенұлын қосып береді. Иә, сол жылдары біздің төрт ауданымыз жыл сайын өркен жайып, аса маңызды ақ алтын, ақ мақта шикізатын жоғары сапада өсіріп-өндіріп, ауыл шаруашылығы дамып, көптеген шаруашылықтар аяқтарынан тұрып, халықтың әлеуметтік жағдайлары жақсара бастаған кезеңдер болатын. Д.Қонаев өлкемізді түгелдей аралап шығып, халқымыздың ерең еңбектеріне дән риза болып, үлкен бағасын бергенін бүгінде қарияларымыз аса ыстық ықыласпен еске алып, айтып отырады. 1962 жылдың күз айларында Одақтың басшысы Н.Хрущёв, Қазақ Республикасының компартия басшысы Д.Қонаев, Өзбек Республикасының компартия басшысы Ш.Рашидов бастаған бір топ делегациялар біздің Мақтаарал ауданына, Одаққа белгілі Мақтаарал кеңшарына арнайы келеді. Ондағы Хрущёвтің негізгі жымьсқы мақсаты біздің үш ауданымызды Өзбек республикасына беру болатын. Еңбек ерлері Н.Есентаев, А.Орлов, В.Куликов, Ұ.Ділдәбековалармен аудан,

облыс басшылары қатынасқан жиында Н.Хрущёв үш ауданды Өзбек республикасына беру жөнінде ұсыныс жасайды. Оған Д.Қонаев бастаған ел басшылары, ел ағалары үзілді-кесілді қарсы шығады. Ашуға булыққан Одақ басшысы Н.Хрущёв ешкімге де қарамастан тез арада қоштасар-қоштаспастан Ташкентке жүріп кетеді. Кейін Мәскеу қаласына Қазақ республикасының басшылары Д.Қонаев пен Ж.Тәшеновты Орталық партия комитетіне шұғыл шақыртып алады. Н.Хрущёв Одақтық партия бюро мүшелерінің алдында Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресейге, Маңғыстау мен Гурьев облыстарын Түркімендерге, біздің Мақтаарал, Киров, Жетісай аудандарын Өзбек Республикасына беру жөнінде ұсыныс жасайды. Д.Қонаев та, Ж.Тәшенов те бұл ұсыныстарға үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Жұмабек Тәшенов өжеттілік, қайсарлық танытып: «Ата-бабаларымыз біздерге кіндік қаны тамған ата жұртымызды, туған жерімізді көлденең келгендерге таратып беріңдер деген құқықты бермеген. Сондықтан бір қадам жерімізді де бере алмаймыз!» деп кесіп жауап қатады. Жүрген жері жел ескен, ауызынан от шашқан Н.Хрущёвтің қан-қысымы көтеріліп, қызара бөртеп, долданып кетеді. Одақ басшысы ыза-ашуға басып, ауызына келгенін оттап «көрермін сендерді» дегендей сес көрсетіп, бюро мәжілісін аяқтайды. Көп ұзамастан, сол жылдың желтоқсан айында Мәскеудің тікелей бұйрығымен Қазақ Республикасының Жоғарғы кеңес депутаттарының бердік деген, Өзбек Республикасы Жоғарғы кеңес депутаттарының алдық деген келісімін алып, 1963 жылдың 30 қаңтарында Кеңес Одағы Жоғарғы кеңес депутаттарының келісімін алып, біздің мақталы Мақтаарал, Киров, Жетісай аудандары Өзбек Республикасына беріліп кетеді. Жоғарыдағы облыстар әуіріммен Қазақ Республикасында қалады. Бірақ озбыр басшы Н.Хрущёв Ақмола облысының орталығы – Целиноградты бес облыстың орталығы етіп, солтүстік өлкесін құрады. Бұл Орталықтың сұрқия саясаты болатын. Ендігі кезекте осы облыстарды күштеп тартып алмақ болуға алдын ала дайындалған орталықтың сұрқия саясаты, жоспары болатын. Мұны сезген Д.Қонаев бастаған еліміздің басшылары тез арада орталық, оңтүстік және де бірнеше өлкелерді ашып жібереді. Сол шайқастардан соң Д.Қонаев Қазақ Республикасының орталық партия комитетінің бірінші хатшылығынан босатылады да, республиканың Министрлер кеңесінің төрағасы қызметіне төмендетіледі. Ж.Тәшенов Республикалық Жоғарғы кеңестер төрағалығынан Оңтүстік Қазақстан облысының атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне төмендетіледі. Н.Хрущёвтің өзбілгенділігі ұзаққа бармастан, ол 1964 жылдың қазан айында орнынан алынады да, Одақтың орталық партия комитетінің бас хатшылығына Л.Брежнев келеді. Міне, осы жылдан бастап, турасын айтқанда, Қазақ Республикасының басшыларының, халқының жолы болып, тасы өрге баса бастайды. Д.Қонаев қайта өз орнына келіп отырады. 1971 жылдың мамыр айында Өзбек Республикасына берілген мақталы үш аудан – Мақтаарал, Киров, Жетісай аудандары кейінгі шекарамен Қазақстанға қайтарылды. Қазақ Республикасының түгелдей облыстары, аудандары, елдімекендері көркейіп өсті. Экономикасы дамып, халықтың әл-ауқаты, әлеуметтік тұрмыстары жақсара бастады. Д.Қонаев басқарған жылдары Алматы қаласы мен облыстағы қалалар гүлденіп, көркейді.

1986 жылдың желтоқсан айы біздің ұлтымыз үшін ең бір қасіретті күндердің бірі болғаны белгілі. Кезектен тыс партия пленумында Д.Қонаев орнынан алынып, оның орнына қазақ халқы мүлдем білмейтін, Қазақстанда бір күн де жұмыс істемеген, Ульянов облысының партия комитетін басқарған Г.Колбин деген бейтаныс адамды әкеліп қояды. Алматы қаласында студенттер, жастар Мәскеудің бұл шешіміне қарсылық білдіріп, Үкімет алдындағы алаңға он мыңдап демонстрацияға шығады. Мәскеудегі М.Горбачёв

басқарғандар алаңға шығып өздерінің қарсылығын білдірген жастарды басуға, мұздай боп қаруланған басқыншы, жазалау отрядтарын жіберіп, әскери күректермен, темір арматуралармен ұрып-соғып, мұзды сумен атқылап, аямастан жаншып, қудалады. Желтоқсан қаһармандары Қайрат Рысқұлбеков және Ләззат Асановалар аса ауыр қатыгездікпен жазаланып, атылды. Сөйтіп, Мәскеудегі М.Горбачёв басқарған озбыр басшылар ұлттық намысты биік санаған жастарымыздың, батыр азаматтарымыздың сағын сындырмақ болды. Бірақ Ұлы даламыздың, Тұран елінің ер жүрек азаматтары өздерінің өршіл мінездерімен ұлтымыздың биіктігін, өзгелерге құл болмастығын көрсетті. 1986 жылдың желтоқсан айынан кейін Д.Қонаев үй қамаққа алынды. Халықпен жүздесу құқығынан айырылды. Іштей күйді, үлкен күйзеліске душар болды. Мәскеу, енді қазақ елінің басшыларына, Д.Қонаевқа, А.Асқаровқа, Л.Бекежановтарға қысым жасап, оларды үсті-үстіне сұраққа алып, қамауды мақсат етті. А.Асқаровтың, Л.Бекежановтардың үстерінен қаса қана жала жауып, түрмеге жапты. Мәскеудің арнайы тапсырмасымен генпрокуратурадан келген Колинченко деген тергеуші Д.Қонаевты бірнеше ай бойы тергеуге алды. Ерекше тергеуші Колинченко бар билігін, бар озбырлығын аяусыз жасап бақты. Оған дәлел мына бір жөнсіз, жосықсыз тағылған айыптар болатын. Солардың үшеуіне тоқталайық: Біріншісі. Ерекше тергеуші Колинченко Д.Қонаевқа ойда жоқта келіп шүйлігеді: «Д.Қонаев! Сіз академик екенсіз. Академикке тиісті гонарарды (айлықты) 17 жылдан бері алып, өз кәдеңізге жаратып келіпсіз. Бұл үлкен заңсыздық» дейді. Д.Қонаев: «Дұрыс, академик екенім рас, айлықты да 17 жыл бойы алып келгенім де рас» – дейді де, ол мініп келген көлікпен қаладағы жетімдер үйіне тергеушіні алып келеді. Есеп бөліміне кіріп, 17 жылдан бері әр ай сайын академик ретінде беріліп отырған айлықтардың түбіртегін (квитанциялар) көрсетеді. Екіншісі: Колинченко жерден жеті қоян тапқандай Д.Қонаевқа дүрсе қоя беріп: «Ал Қонаев, енді менен құтыла алмайсыз. Жиырмадан астам елде болыпсыз. Сол, әрбір болған елдердің басшыларынан қымбат бағалы сыйлықтай заттар алыпсыз. Біздің Кеңес Одағының заңына қайшы іс-әрекеттер жасапсыз. Сол заттай айғақтарды тәркілейміз де, сізді қамаққа алуға қаулы шығарамын» – дейді. Д.Қонаев, саспастан, жәйбарақат, қарапайым мінезімен тергеушіге тіке қарайды да, ендеше жүріңіз менімен деп, оның көлігіне отырып музейге апарады. Сөйтсе, барлық шет елдердің басшылары сыйға берген қымбат мүліктері сөрелерде тізіліп тұр екен. Үшіншісі: Колинченко Д.Қонаевтың үйіне киліге кіріп келіп, енді, сенге көшіп, бұйыра сөйлейді: «Қонаев! Енді менен құтыла алмассың. Жетпіс жасқа толуыңа сыйлыққа қызметкерлеріңнен шетелдік теледидар алыпсың. Сол бізге айғақ болады. Кәне, үйінді тінтіміз, көрсет!» – деп тікенектей жабысады. Д.Қонаев тергеушінің бұл келісінде де, бұрынғы қалпын, сақтап: «Е, тергеуші жолдас, дұрыс айтасыз, менің жетпіс жасқа толған тойымда әріптестерімнің естелікке деп сыйлаған шетелдік теледидары бар. Жүріңіз сізге көрсетейін», – дейді. Тергеушісінің көзі жайнап кетеді. «Енді тұзаққа түстің бе?» – деп. Екеуі көлікке мініп, Орталық комитеттегі бұрынғы кабинетіне алып келеді. Г.Колбиннің көмекшісінен рұқсат алып, бірінші хатшының кабинетіне кіріп келеді де, кіре берістегі киім ілетін шкафты аштырады. Қараса, шам жағып іздеген шетелдік теледидар қорабымен ашылмаған күйде жайында тұр екен. Колинченконың бет жүзі бірде қызарып, бірде сұп-сұп болып кетеді. Д.Қонаевқа бақырая қараған күйде қатып қалады. Не айтарын, не дерін де білместен, қолын бір сілтейді де, автокөлікке міне сала жүйткі жөнеледі. Мәскеуге, баспрокуратураға бір-ақ жетіп барады. Бас прокурордың кабинетіне кіріп барып, қызыл түсті прокуратура құжатын үстел үстіне қойып жатып: «Д.Қонаевты 3 ай бойы тексеріп, тергедім. Түк те таба алмадым. Мені қызметтен босатыңыз», – дейді...

Міне, «аққа Құдай жақ» деген. Мәскеудегі қара ниеттілер Д.Қонаевқа қара дақ жаққысы келгендерімен жаға алмады.

Осы Алматыдағы жастар көтерілісінен кейін Одақтың озбырлық жүйесі сетіней бастаған болатын. Батыс жағалауы Республикалары, Кавказдағы Республикалар, Украина, Беларусь елдеріндегі халық көтеріліп, 1991 жылы күзде көпұлтты республикалардан құралған Кеңес Одағы тарқады. 15 республика өздерінің дербестігін алып, өз алдына егемен ел болды. Қазақ елі де Қазақстан Республикасы деген дербес, демократиялық мемлекет болып өз таңдауын жасады.

Бүгінде Қазақстанның көптеген қалаларында, қалашықтарында ұлы тұлғаны еске алу мақсатында көшелердің, мектептердің атауларына еліміздің ардақтысы Д.Қонаевтың есімін қойып, марапаттауда. Д.Қонаевтың есімі жыл өткен сайын асқақтап, биіктей бермек.

Айыпберген БАЛТАБАЙҰЛЫ

Оңтүстік Қазақстан облыстық Д.Қонаев қоғамдық қорының Мақтаарал аудандық филиалының директоры